

		вычисленных значений величин		
	Рефлексия	правильно сделал вывод внес рекомендации по улучшению эксперимента		
Принятие итогового решения о достижении учащимся ЦО:	Отметка (достиг/стремится)	Подпись учителя:		

Итоги формативного оценивания помогают самому учителю менять методические приемы и формы.

Практический опыт проведения формативного оценивания показывает, что данный способ выявляет насколько и как хорошо усваивают текущий материал учащиеся, налаживается обратная связь и проводится непрерывное оценивание знаний учащихся по предмету.

### Список литературы:

1. Инструктивно-методическое письмо об организации образовательного процесса в Назарбаев Интеллектуальных школах в 2015-2016 учебном году.
2. Методические рекомендации для учителя по критериальному оцениванию. Критериальное оценивание учебных достижений учащихся. Предмет «Физика». Класс 7. 2014-2015 учебный год.
3. Кирик Л.А., Генденштейн Л.Э., Гельфгат И.М. Задачи по физике для профильной школы с примерами решений. 10-11 классы. Под ред. В.А. Орлова. – М.: ИЛЕКСА, 2010. – 416 с.

**Байлиева Айнур Бериковна**

Ғ.Мұратбаев мектеп-гимназиясы,

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы

## ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ҚОЛДАНУ

### АННОТАЦИЯ

*Сыни тұрғыдан ойлау тек қана фактілерді жаттап алу емес, оны өмірмен терең байланыстырып, қажеттілігін, пайдасын, артықшылығын т.б. көрсете білу, өмірге қажет болатын жаңа өнімді жасау деген сөз. Сыни бағалауды қолдану арқылы оқуды және оқу нәтижесін бағалау оқушының өз еңбегіне өзі баға беруі, сыныптас оқушылары баға беруі т.б. арқылы жүзеге асады.*

**Түйінді сөздер:** сыни ойлау, қазақ әдебиеті, қазақ тілін оқыту.

### АННОТАЦИЯ

*Критическое мышление не ограничивается сбором фактов, овладением информацией, но и определением связи с жизнью, умением найти нужную информацию, использовать, создавать новую продукцию. Оценивание результатов обучения проводится на основе критического отношения своей работе, работе одноклассников и т.д.*

**Ключевые слова:** критическое мышление, казахская литература, преподавание казахского языка.

### ABSTRACT

*Critical thinking is not limited to fact-finding, the mastery of information, but also a certain connection with life, the ability to find the information you use to create new products. Assessment of learning outcomes is based on the critical attitude of his work, classmates, etc.*

**Keywords:** critical thinking, Kazakh literature, the teaching of the Kazakh language.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында проблемалық сабақтарды бөліп алу, әзірлеу, соны талқылау, өзіндік қорытынды жасау, өзіндік анализ, синтез жасау барысында бағаға жету, өзін-өзі бақылау жұмыстары балаларды шығармашылыққа, жүйелі білімге жетелейтініне көзім жетті. Орыс сыныптарында оқылатын қазақ тілі мен әдебиеті сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша үйрету барысында мынадай қорытындыға келдім:

1. Оқушы өмірге деген өз ойын білдіретін жазу стилін табады.
2. Жаңа білім бойынша өз жобалары, модельдері, болжамдарын тыңдап, талқылау (өздері талдайды, бір-бірін тыңдайды) жасайды.
3. Өзіндік қорытындылар жасап, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенін саралайды.
4. Соның нәтижесінде білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттырады.
5. Білім дәрежесі деңгейін саралау (өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасты) жүзеге асты.
6. Бір-бірімен ынтымақтастығы артып, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі, айтыса білуге дағдыланды.
7. Оқушыларда жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болды, сонымен қатар өзінің және өзгелердің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренді.
8. Оқушы әрекеті адамның ойлау қабілетін дамытады және ол кітап оқыған кезде өз ойын тұжырымдайды.
9. Оқушылар өз ойымен, іс-тәжірибесімен, пікірлермен бөлісуге үйренді, бұл бағыт топпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
10. Жұмыс барыстарын алмасу арқылы оқушының өз ойын ашық, жасқанбай айтуға, басқа адамның ойын дұрыс қабылдауға үйренді.

Осы қорытындыға әкелген қазақ әдебиетінің сабақтарына толығырақ тоқталып өтейік.

М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» тақырыбындағы сабағын жоспарлауда мен деңгейлік курста алған білімімді іске асыруға кірістім. Қазақ әдебиеті сабағына қатысардың алдында мектептегі қазақ әдебиетінің басқа мұғалімі Трусбаева Еңлік Сәкенқызымен сабақ жүргізу әдісін қалай жақсартуға болатыны жөнінде пікір алмастық. Мен әріптестеріммен ақылдасу өте тиімді екеніне көзім жетті. Әріптесімнің сабағына қатысып, әрбір оқушының жауабын, эмоциясын, ұмтылысын, іс-әрекетін, қимыз-қозғалысын мұқият қадағалап, олардың өзіне деген сенімділігінің бірте-бірте нығайып отырғанын бақыладым.

Сабақтың бірінші кезеңі – ой қозғалысын шақыру кезеңі. Бұл кезеңде мұғалім оқушылардың осы тақырыпқа байланысты білімін және тақырып қандай ойға жетелейтіні туралы сұрайды.

А деген оқушы «Қараш-Қараш оқиғасы» кинофильмін көргендігін, және онда ағайынды жігіттердің отбасы қиындығы мәселесі көрсетілетінін айтты. Мұғалімнің қазіргі өмірмен байланысы бар ма дегенге ол бар деп жауап берді. Енді мұғалім «Оқиғадағы әділетсіздікті қалай жеңуге болар еді?» деген сұраққа сабақ беруге тырысайықшы деп оқушылардың тақырыпқа деген қызығушылығын туындатты. Мұғалім оқушының ойында «ақпараттық бос кеңістік» қалыптастырып, сабақтағы талдау барысында оны толтыру қажеттігін ұғындырды.

Бірінші кезеңде оқушы «Мұның маған қажеті қанша?», «Мен үшін маңыздылығы неде?» деген қажеттіліктер туындатты.

Енді екінші кезең – ойды іске асыру кезеңі. Ол үшін мұғалім оқушыларды «Әділет», «Ақиқат» және «Сенім» топтарына бөлді. Әр топ оқиғаның толғандырар сәттеріне байланысты сурет салып, өз ойын бейнелі жеткізуге тырысты. Сабақта сын тұрғысынан ойлау стратегиясының іздендіру, концептуалдық кесте, топтастыру, пікірсайыс, елес жетелейді әдісі тапсырмалары берілді.

«Ақиқат» тобына: «Қараш-Қараш оқиғасы» туралы идеялар тақтасын толтыр.

«Әділет» тобына: сұрақ-рефлексия (мына сұрақтардың жауабын өздеріңше аяқтандар):

- Хикаятты оқығанда бізді қызықтырған...

- Біз үшін ең аянышты жері ...

- Патша заманындағы ел тұрмысы ...

«Сенім» тобына: Табиғат және Бақтығұл байланысын анықта.

Топ басшылары келесі кезеңде концептуалды кесте толтырды. Барлық кейіпкерге сыни тұрғыдан баға берілген соң, Бақтығұл бейнесінің моделі жасалды. Оқушыға өз пікірін топшылап, басқалардың ойын тыңдау, сонан соң әртүрлі пікірлер арасынан дұрысын таңдау ұсынылды. Біз олардың бір-бірімен пікір таластыруына мүмкіндік бердік. Оқушылар өз пікірінің дұрыстығын уәждеп, дәлеледеуге үйренді. Топтарға жиналғандықтан олар топ ішінде бір-бірінің ой-пікірін толықтырып, қажетті жерінде түзетіп, топтың ортақ пікірін қалыптастырды. Әдебиет сабағы адамның мінезі, оқиғалар әлеміндегі кейіпкер тағдырымен тығыз байланысты болғандықтан, сыни тұрғыда пікір айтып, оның дұрыс жағын мойындауы топтың біртұтас идеясы жақын достар болуына әкелді.

«Ақиқат» тобы оқиғаның анықтығына шынайы баға беруге ұмтылып, «Жаны таза еңбегін даулаған Бақтығұл» деген резолюция қабылдады. Аргументі – «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді».

«Әділет» тобы «Ұрлық түбі – қорлық» резолюциясын қабылдады, аргументі «Қолыңмен істегенді мойныңмен көтер».

«Сенім» тобы үш топтың қойылған аттарын Бақтығұл тағдырымен өзара байланыстырып, сызбаға түсірді.

Топтардың аты көрсетіп тұрғандай, ақиқатты іздеу керектігі – бірінші топтың мүддесі болды. Екінші топ болса әділеттің бәрінен қымбат екенін, қолмен істегенді мойынмен көтеру керектігі туралы қорытынды жасай білді. Үшінші топ адамның сенімі үнемі оны алға жетелейтін күш, сондықтан «жақсы сөз - жарым ырыс» деп, жақсылыққа сену керектігі туралы ой топшылады. Ойтолғаныс сәтінде оқушылар плакатқа өз ойларын бейнелейтін сурет салды. Нәтижесінде оқушылар қорытындыны өздері жасады.

Оқушылар өзін-өзі бағалап көрді: жасыл түсті стикерді таңдау - «мен сабақты толық түсінідім, сабақ маған ұнады», сары түс – «менің ойымда күмәнді сұрақтар қалды», қызыл түс – «сабақ ұнамады, қызықтырмады» деген стикерлерді таңдады.

Оларды өз жауабымен оқыту арқылы мұғалім еңбегінің жеңілдейтінін байқадық.

Сабақты талдай отырып, жаңашыл әдістің оқуды тиімді ұйымдастыруға көмек беретіні туралы қорытынды жасалды.

Оқушылар сонымен бірге, кейіпкерге сын тұрғысынан баға беруді іске асырды:

-кейіпкер;

-өмірге қызығушылығы;

-адами қасиеттері;

-баға деген төрт бағаннан құралған жауап парағына үш топ өзінің бағасын берді.

Топтастыру стратегиясымен үш топтың үшеуі де Бақтығұл портретін жасап, берген бағасын сызба күйінде бейнеледі.

Сабақта осыдан кейін рөлдік ойын қолданылды. Топтар өзінің атына лайықты рөлдерді орындауға тырысты. Бір мезет өздерін кейіпкер орнына қойған оқушыға оның әрбір іс-әрекеті, шешімі енді ғана түсінікті болғандай.

Адам әдетте өзінің ойын, іс-әрекетін дұрыс деп есептейді. Ал оқушылар өзін басқа рөлге қойғанда «мен де осылай істер ме едім?» деген сұрақты ойлағандарын айтты.

Дайана Халперн [1] айтқандай, нағыз ойлай білетін адамдар оның не үшін қажет екенін біледі, және алдағы жұмысын жоспарлы түрде ұйымдастыру, керекті мәліметті жинастыру, жоспарына жету қиындығы болған жағдайда оған үлкен сеніммен жүретіндігі расталғандай. Бірінші кезеңде өзіне мақсат қоя білген оқушы екінші кезеңде іс-әрекеті арқылы мақсатын жүзеге асырады.

Әдебиетті бұрын оқытқанда оқулықтағы сыни көзқарасты түсініп, айтып берсең болды деп үйрететінбіз. Ол кезде оқушылар фактілер мен оқиғаларды жаттап алатын. Оқушының өз пікірін емес, кітаптағы көзқараспен айтуың керек деп үйрететінбіз. Дайын берілген біреудің ойы өз ойың болмаған соң, тез ұмытылады ғой. Оған мән бермедік.

Бұл сабақта керісінше әдеби дереккөзді өзің оқып шық, осыған деген өз көзқарасыңды қалыптастыр, сабақта біз көзқарастарды талқылау арқылы автор идеясын талқылайтын боламыз деген сыни тұрғыдан ойлау стратегиясына ауыстық.

Сабақтың үшінші кезеңінде рефлексия іске асты. Рефлексияны жаңа тәжірибені әр оқушының жеке танымына лайықтап қабылдауы деп түсіндірер ем. Басқаша айтқанда, оқушы өзі қорытқан ойды өзінің жеке ойы деп қабылдайды. Оның өзіндік қорытындысы оқушының өз көзқарасымен бірдей болғандықтан, ұмытылмайды.

Материал ұмытылмастай болуы үшін оқушылар топтық жұмыс істеп, өздерінің пікірін қорғады, рөлдік ойынға қатысып, рөлді қабылдау арқылы кейіпкер оқиғасын өз басынан кешірді. Өмірде кездесуі мүмкін мұндай жағдайларды ойша туыстарының сөзімен салыстырып өтті. Өзін осы оқиға ортасында жүргендей сезінді.

Оқушы баға үшін оқитын болса, бұл материалды ұмытып кетер еді. Біз бағадан да жоғары – адамгершілік сабағын бастан кешірдік.

Әдебиеттің келесі сабағы біздің таңдаған жолымыздың дұрыстығын көрсетті. Р. және Д.Джонсон (Нұсқаулық, 2012) көрсеткендей, әрбір кіші топқа бір күшті оқушыны, екі орташа оқушыны және бір әлсіз оқушыны қосу керек деп едік. Күшті оқушы әлсіз оқушыны оқуға тартады.

Сыни тұрғыдан ойлау тек қана фактілерді жаттап алу емес, оны өмірмен терең байланыстырып, қажеттілігін, пайдасын, артықшылығын т.б. көрсете білу деген сөз. Сыни бағалауды қолдану арқылы оқуды және оқу нәтижесін бағалау оқушының өз еңбегіне өзі баға беруі, сыныптас оқушылары баға беруі т.б. арқылы жүзеге асты. Ал мұғалімдер оқыту мен білім берудің тиімділігін арттыру сын тұрғысынан ойлаудың тиімділігіне тағы да көз жеткіздік. Орыс сыныптарында сыни ойлауды қолдану қазақ тілін тілді берік меңгеруге негіз болатынына сеніміміз мол.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Александер Р.Дж. (2008). Диалогтік оқыту. Сыныптағы әңгімені қайта қарау. 4-басылым, Нью-Йорк, Диалогос.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

**Бисенова Гульшат Бахчановна**

Учитель начальных классов

Карабалыкской ср.школы№1 им.М. Горького

## **РАЗВИТИЕ РЕЧИ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ С ПРИМЕНЕНИЕМ ПРИЕМОВ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ**

### **АННОТАЦИЯ**

*Бұл мақалада сын тұрғысынан ойлаудың тиімді тәсілдерін бастауыш сынып сабақтарында қолдану туралы айтылған.*

*Сын тұрғысынан ойлау мәселерді көруді, өзгеше шешім табуға дайын болуды, өзінің жеке танымдық әрекетіне түйін жасауды, тілді дамытуды және өз ісіне талдау қамтиды*

**Түйінді сөздер:** *сын тұрғысынан ойлау, коммуникативті құзырлық, әріптестік, шақыру, ойлау- толғау, түйін*

### **АННОТАЦИЯ**

*В статье рассказывается о применении эффективных приемов критического мышления на уроках в начальных классах. Критическое мышление предполагает умение видеть проблемы, готовность к нахождению нестандартных решений, подвергать рефлексии собственную интеллектуальную деятельность, развивать речь и анализировать свои действия.*

*Слабое развитие у учащихся коммуникативных, аналитических, синтетических навыков, умения правильно, в логической последовательности излагать свои мысли, аргументировать, синтезировать информацию, преобразовывать ее проводило оценку натолкнуло меня на мысль о необходимости выбора модуля «Критическое мышление».*